

**Мәртөк ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 ақпандағы № 75 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 5314 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Мәртөк ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Тлегеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Қалауов*

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2017 жылғы  
23 ақпандағы № 75 қаулысына  
қосымша

**Мәртөк ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі ұйымдарда болу ұзақтығы (сағат)	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Б і р тәрбиеленушінің шығындарының бір айдағы орташа бағасы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір күнге төлемақы мөлшері (теңге)
			Бала бақша	Бала бақша	
1	Мәртөк ауылы	10,5	36 948	36 948	300
2	Қызылжар ауылы	10,5	30 148	30 148	250

3	Саржансай ауылы	10,5	28 353	28 353	250
4	Родниковка ауылы	10,5	34 979	34 979	250
5	Қаратаусай ауылы	10,5	22 430	22 430	250
6	Жайсаң ауылы	10,5	29 129	29 129	300
7	Қаратоғай ауылы	10,5	29 748	29 748	250
8	Хазірет ауылы	10,5	22 278	22 278	250
9	Сарыжар ауылы	10,5	17 324	17 324	300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК